

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевқа**

Көшірмелері:
ҚР Президентінің Әкімшілігіне
ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Е. Қошановқа
ҚР Премьер-министрі А. Бектеновке
ҚР Бас прокуратурасына

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Мен, Баян Ахатай, Сізге <https://ru.petitions.net/398087> сайтында жарияланған ВЕЙПКЕ ТОЛЫҚ ТЫЙЫМ САЛУ ҚАЖЕТТІГІ туралы петицияға қол қойған 21 мыңнан астам қазақстандық ата-ананың атынан хат жолдап отырмын (қосымшада).

Бұлар – тек үндеуге қол қойып қана қоймай, өздерін естиді деген үмітпен пікірлерін де қалдырған ата-аналар. Қойылған қолдардың (426 беттік қосымша) шынайылығын тексеріп, айқындауға болады. Біздің ата-аналар балалар мен жасөспірімдер арасында вейп эпидемиясының үдеп бара жатқандығына және осы улы нарық өкілдерінің вейпті дәстүрлі темекіге қарағанда зияны аз деген дәлелсіз ақпараттар таратуына аса алаңдаулы. Вейп айналымына толық тыйым салу мәселесін көтеріп жүрген бастамашыларға (ҚР ДСМ және «Темекі түтінісіз Қазақстан үшін» Коалициясы) вейп саудасымен айналысушылар жала жауып, бұқаралық ақпарат құралдарында оларды темекі лоббистері ретінде көрсетіп, қаралауда. Іс жүзінде вейп – дәстүрлі темекінің гаджет-нұсқасы, ол өзінің агрессиялы маркетингімен біздің балаларымызды есірткіге тәуелді жаңа толқын ретінде тартуда және темекі мен вейп индустриясының қожайындары бір.

Қазақстанда темекі нарығын қалыптастырып жүрген дәстүрлі темекі шығарушылар енді вейпті жаңа табыс көзі ретінде таниды:

- Altria/Philip Morris компаниясы АҚШ нарығында 70%-ға дейін үлесі бар электронды темекі өндіруші танымал Juul компаниясының 35% акциясына иелік етеді, бүгінде олар жаңа – Njoy брендин шығарып, насихаттауда;

- Japan Tobacco Inc. (JTI) АҚШ-тың электронды темекі нарығындағы жетекші брендтердің бірі болып табылатын, 2010 жылдан бір рет және көп рет пайдалануға болатын вейптердің толық ассортиментін сатып жүрген Logic Technology Development LLC («Logic») компаниясын иеленді;

- British American Tobacco (BAT) 2011 жылы Vype атауымен «танымал» электронды темекі шығарушы CN Creative және Research and Development және Nicoventures компанияларының негізін қалады. Сондай-ақ, BAT компаниясы электронды темекі және қыздыратын темекі өнімдерін коммерциализациялау мақсатында Reynolds American Incorporated компаниясымен «стратегиялық серіктестік» қалыптастырды.

Яғни, зиянды өндіріске қыруар қаржы құю және коммерциялық тұрғыдан ілгерілей түсуін қолдау арқылы вейптің жаппай таралуына ықпал етіп отырған – осы дәстүрлі темекі өндірушілер.

Бір өкініштісі, кейбір Мәжіліс және Сенат депутаттары вейп айналымына тыйым салуға белсенді түрде қарсы шығып, мәселені «реттеу» туралы лоббилік тезистерін әртүрлі алаңдарда айтып жүр. Олар Кедендік одақтың темекіге қатысты әлі қабылданбаған техникалық регламентін тілге тиек етіп, маркаланған (ресми өндірілген) вейптерге ерекше режим жасау керектігін талап етті. Оларға қолдау көрсетіп отырған көптеген Үкіметтік емес ұйымдар бар, тіпті еліміздің болашағын қалыптастырады деп сеніп отырған жоғары оқу орындары ішінен де вейпті қорғаушылар табылды. Мысалы, бір ЖОО (Каспий қоғамдық университеті вейпті қорғаштаған Романовская С.Ю. және Мороз С.П деген авторлардың қолдары қойылған «зерттеу» шығарған). Бұл текетірестің басталғанына үш жылдай уақыт болды және әлі күнге дейін тоқтамай отыр. Мысалы,

қазіргі кезде біз Темекі нарығы операторларының қауымдастығының (Қауымдастық) жасап отырған қысымы нәтижесінде қоғам мен мемлекеттік органдардың өкілдерін қатысуынсыз Қауымдастықтың дәлел-дәйектерін тыңдау өткізілетінінен хабардар болып отырмыз және бұл биліктің заң шығарушы тармағының шешімдеріне саботаж болуы мүмкін деп алаңдаймыз.

Бүгінгі таңда вейпке, хош иістендіргіштерге және никотин сұйықтықтарына тыйым салу бойынша заң жобасы Сіздің қол қоюыңызға жолданған. Біз, қазақстандық ата-аналар, әлемнің озық 33 елінің үлгісімен, бұл улы, зиянды нарықты түпкілікті жоюыңызды сұраймыз!

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Сізге Петиция мәтінін жолдай отырып, вейптің барлық түрлерінің айналымына толықтай тыйым салуды қолдауыңызды және улы индустрияның лоббистері жоғарыда аталған ұйымдар мен Темекі нарығы операторларының қауымдастығы арқылы жасап отырған қысымның жолын кесуіңізді сұраймыз.

Біз онсыз да тым көп уақыт жоғалтып алдық, сөйтіп, оны улы индустрия өкілдері пайдаланып, вейп-эпидемияның етек алуына жол ашты және оқушылар арасында вейп тартуды қалыпты жағдай ретінде қалыптастырып үлгерді.

Вейп шегу, оған тәуелділік балалардың болашағына құрылған тор, ауру мен азап. Бюджетті ұрпақ болашағын құрбан етіп толтырудың қажеті жоқ – елге, ата-аналарға керегі дені сау ұрпақ пен бақытты отбасылар.

**Құрметпен,
Ахатай Баян**

Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі төрағасының орынбасары,
«АМАНАТ» партиясы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері бойынша республикалық қоғамдық кеңесінің мүшесі

